6+

# Magjan juldyzy

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың 11 шілдесінен шығады ● № 40 (839) 3 қазан 2024 жыл

www.facebook.com/ Magzhan zhuldizi https://vk.com/ Magzhan zhuldizi e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz


АУДАН АКТИВІНДЕ

## ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ ЖАҢА БАСТЫҒЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ





**Аудандық әкімдіктің отырыс залында өткен кездесуді аудан әкімі Рахат Смағұлов ашып, оған облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Мейрам Жұмкенұлы Әбдікеев, сот төрағасы, аудан прокуроры, ұлттық қауіпсіздік комитетінің аудандық бөлімшесінің бастығы, жергілікті атқарушы органдар өкілдері және аудан активі қатысты.**

Мағжандықтар алдында сөз сөйлеген Мейрам Жұмкенұлы ҚР ІІМ 2024 жылғы «27» қыркүйектегі № 562 ж/қ бұйрығымен Мағжан Жұмабаев ауданы полиция бөлімінің бастығы болып полиция подполковнигі Асан Қайдарұлы Мейрамов тағайындалғанын жеткізді.

- Асан Қайдарұлы СҚО Шал ақын ауданы Сергеевка қаласында 1972 жылы 1 қыркүйекте дүниеге келген. Құқыққорғау органдарында 1996 жылдан бастап қызмет етеді. 2004 жылы Қазақ гуманитарлық-заң университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген. Қарапайым жедел уәкілден бастап басқарма бастығының орынбасарына дейін көтерілген. Петропавл қаласы ішкі істер басқармасының 1-ші және 2-ші бөлімдерін басқарған. Мамлют ауданында да қызмет еткен полиция қызметкері. Бұл тағайындауға дейін бес жыл бойы Жамбыл аудандық полиция бөлімін басқарған.

Асан Қайдарұлының өмірлік және еңбек тәжірибесі мол. Облыс орталығында қылмыстарды ашу, қылмыскерлерді іздестіру саласында үлкен әрі жауапты қызмет атқарды. Сондықтан ол аудан активімен бірге, қоян-қолтық жұмыс істеп, жоғары тұрған басшылықтың тапсырмаларын уақытылы әрі сапалы орындайды деп сенемін, - облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары.

Өз кезегінде Рахат Назымбекұлы да мағжандықтар атынан Асан Қайдарұлы Мейрамовты жаңа тағайындауымен құттықтап, өзара ынтымақтастық пен түсіністікте жұмыс атқаратына сенім білдірді.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

РЕФЕРЕНДУМ - 2024

## ҚАЗАҚСТАНДА АЭС БОЙЫНША РЕФЕРЕНДУМ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ

*6 қазанда Қазақстанда атом электр станциясын салу бойынша республикалық референдум өтеді. Осы орайда алдағы референдумға қатысты жиі қойылатын сұрақтарға жауап береміз.*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдум өткізу туралы» Жарлыққа қол қойған еді.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 10) тармақшасына және «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН: 2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдум өткізілсін», делінген Жарлық мәтінінде.

**Референдумға қандай сауал шығарылады?**

Бюллетеньдерде «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?» деген сұрақ қойылады.

Референдум сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін өткізіледі, ал дауыс беру нәтижелері 7 күн ішінде жарияланады.

**Кім дауыс бере алады?**

Дауыс беруге Қазақстан Республикасының 18 жасқа толған барлық азаматы қатыса алады. Қазіргі уақытта 12 176 968 адам дауыс беру құқығына ие.

Референдум барысында жалпы 10 327 сайлау учаскесі жұмыс істейді. Қазақстан азаматтарының тіркелген жері бойынша дауыс беру учаскесінің саны - 9 709, уақытша учаске - 618. Шетелде жүрген отандастарымыз үшін 63 елде 78 учаске ашылады. Дауыс берушілерге ыңғайлы болу үшін аумақтық референдум комиссиялары өзге уақытты белгілеуі мүмкін.

Бұған дейін соғыс қимылдары өтіп жатқан Ливанда дауыс беру учаскесі ашылмайды деген шешім қабылданған еді.

**Ел азаматтары қай жерде дауыс бере алатынын қалай біле алады?**

Әр азамат өз дауыс беру учаскесі қайда орналасқанын үйден шықпай-ақ біле алады. Ол үшін referendum.gov.kz арнайы сайты іске қосылды. Дауыс беру учаскесі туралы ақпарат алу үшін келесі қадамдарды орындау қажет:

- referendum.gov.kz сайтына кіріңіз.
- Тұрғылықты жеріңізді көрсетіңіз.
- ЖСН (жеке сәйкестендіру нөмірі) енгізіңіз.
- «Табу» батырмасын басыңыз.

Деректеріңіз еңгізілгеннен кейін, жүйе учаскеңіз туралы ақпарат ұсынады.

**Референдумда дауыс беру тәртібі қандай?**

- Бюллетень жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде беріледі.
- Референдум учаскесінде осы учаскедегі тізімге енгізілген азаматтар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар дауыс бере алады.
- Республикалық референдумға қатысуға құқығы бар әрбір азамат жеке дауыс береді.
- Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады.
- Белгі дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға қойылады.
- Бюллетеньді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ азамат өзі сенетін адамның көмегін пайдалануға құқылы.
- Толтырылған бюллетеньді міндетті түрде дауыс беру жәшігіне салу қажет.

**Үйде дауыс беруге бола ма?**

Денсаулық жағдайына, отбасыдағы науқас адамның күтіміне, мүгедектігіне немесе жасына байланысты дауыс беру учаскесіне бара алмайтын азаматтар үйде отырып дауыс бере алады. Ол үшін алдын-ала учаскелік дауыс беру комиссиясына жүгіну қажет.

Айта кетейік, бюллетеньдер дауыс беру учаскелеріне дауыс беру күніне дейін 1 күннен кешіктірілмей жеткізіледі.

5 қазан - үнсіздік күні. Референдум бойынша үгіт-насихат жұмыстары дауыс беру күніне дейін түнгі сағат 00:00-де аяқталады.

6 қазан - референдум күні. Дауыс беру сағат таңғы сағат 7:00-ден кешкі сағат 20:00-ге дейін жүргізіледі.

Дауыс 12 сағаттың ішінде саналады. Ал өңірлерге Орталық референдум комиссиясына дауыс беру қорытындысының жиынтық хаттамасын жинауға және жеткізуге 2 күн беріледі.

Орталық комиссия 7 күн ішінде референдумның қорытындысын белгілеп, ресми хабарламаны БАҚ-та жариялайды.

**Референдумға дайындық қалай жүріп жатыр?**

Республикалық референдумға дайындық аясында Орталық референдум комиссиясының мүшелері 11 өңірге барып, республикалық референдумға аумақтық және учаскелік комиссиялардың дайындығын тексерді. Одан бөлек оқыту семинарлары да өткізілді.

ОРК Төрағасының орынбасары Константин Петров Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстары мен Алматы қаласына барды. Ал ОРК хатшысы Мұхтар Ерман Жамбыл, Түркістан облыстары мен Шымкент қаласында болды. ОРК мүшелері Сабила Мұстафина, Асылбек Смағұлов және Анастасия Щегорцова Жетісу, Ұлытау, Ақмола, Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстарында республикалық референдумға дайындығын тексерді.

Одан бөлек, Сенат және Мәжіліс депутаттары өңірлерге аттанып, ел азаматтарымен тілдесіп, АЭС-тің мәні мен маңызы туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жүр.

Egemen.kz




## САЙЛАУ КҮНІ БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНДА АВТОБУС ТЕГІН ЖҮРЕДІ



**2024 жылдың 6 қазанында сағат 09.00-ден 15.00-ге дейін сайлаушыларды сайлау учаскелеріне жеткізу үшін Булаев қаласы бойынша автобус қозғалысы ұйымдастырылады.**

**Жол жүру құны - тегін болады.**

Булаев қаласы әкімінің аппараты.

КАРТТАРЫМЫЗ - ҚАЗЫНАЛАРЫМЫЗ



# АУДАН ӘКІМІ ҚАРИЯНЫ ШАҢЫРАҒЫНДА ҚҰТТЫҚТАДЫ

**Қарттар күні мерекесі қарсаңында аудан әкімі Рахат Смағұлов пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов бірге, Полудино ауылына ат басын тіреп, бала кезінде концлагерьде тұтқында болған еңбек ардагері Валентина Ивановна Афанасьеваға арнайы барып қайтты.**

Аудан басшысы Валентина Ивановнаны Қарттар күні мерекесімен құттықтап, оған құттықтау хатын, гүл шоқтары мен естелік сыйлық табыс етті. Рахат Назымбекұлы өз сөзінде өскелең ұрпақ өкілдерінің елдің дамуына қосқан еңбектерінің зор екенін және олар әрқашан құрметке лайық жандар болып табылатынын атап өтті.

Валентина Ивановна Брянск облысы, Солецк ауданы, Строкино ауылында дүниеге келген. Соғыс басталған кезде ол не бәрі алты жаста еді.

- Маған жастайымнан көп қиындық көріп, ауыр жұмыс істеуге тура келді. Соғыс жылдарындағы және тұтқындағы жағдайларды есіме алғым келмейді. Елуінші жылдардың басында отбасымыз Солтүстік Қазақстан облысына көшіп келді. 1954 жылы тың игеру басталып, барлық қоныс аударушыларға жұмыс табылды. Осылайша, біз Полудино ауылына тұрақтадық, - дейді қария жастық кезін еске алып.

Валентина Афанасьева Полудин кеңшарында сауыншы және құрылыс бөлімінде жұмысшы болып көп жыл еңбек еткен ауыл еңбеккері. Ол озық механизатор атанған жұбайы Василий Федоровичпен шаңырақ құрып, ерлі-зайыптылар үш ұл тәрбиелеп өсірген.

ЖӘРМЕҢКЕ

# ХАЛЫҚ КӨҢІЛІНЕН ШЫҚҚАН МЕРЕКЕЛІК ЖӘРМЕҢКЕ





***29 қыркүйек күні Еңбек күні мерекесіне және қарттарды әлеуметтік қолдау айлығына арналған азық-түлік жәрмеңкесі болып өтті.***

Булаев қаласының вокзал маңындағы алаңында ауылдық округтердің, ауданның ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарының, сондай-ақ Булаев қаласының жеке кәсіпкерлері «Пальчик» ЖК, «Смағұлова» ЖК, «Али» ШҚ, «Золотарев» ЖК қатысып, шаруашылық жәрмеңкесінде 2,5 млн теңгеден астам сомаға үш тоннадан астам ауыл шаруашылығы өнімі сатылды.

Қала тұрғындары үшін ет және сүт өнімдері, көкөністер мен жарма, жұмыртқа, бал және күнбағыс майы нарықтық бағадан 15-20 % төмен бағамен сатылып, «Солтүстік» ӘКК тұрақтандыру қорынан 6 тоннадан астам өнімді әкелінді.

Жұртшылық өздеріне қажетті тауарларды арзан бағамен сатып алып, ұйымдастырушыларға ризашылығын білдіріп жатты. Солардың бірі - Ғалымжан Құсайынов.

- Жыл сайын күзде дәстүрлі ауыл шаруашылық жәрмеңкелер ұйымдастырылып тұрады. Оған халық та үйреніп қалды. Бұл шара қала тұрғындарына арзан бағамен ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алуға мүмкіндік береді. Әсіресе, ет пен көкөніс өнімдеріне сұраныс көп екені көрініп тұр. Аудан басшылығы тағы да қосымша мал азығы мен отын сататын осындай жәрмеңкені бір-екі рет өткізсе, нұр үстіне нұр болар еді, - дейді зейнеткер.

Сондай-ақ бұл күні аудан әкімі Рахат Смағұлов та жәрмеңкеге қатысып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы мен сапасына назар аударды. Ал аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары болса, келген жұртшылыққа концерттік бағдарлама ұсынып, көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

**Еркін ТӨЛЕГЕН.**

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЖАЛПЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ

# «ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ» АЛЛЕЯСЫ АШЫЛДЫ




**27 қыркүйек күні Булаев қаласында қарияларды әлеуметтік қолдау айлығына орайластырылған «Таза Қазақстан» жалпы республикалық науқаны аясында керемет іс-шара ұйымдастырылып, «Ұрпақ сабақтастығы» аллеясы ашылды.**

Мәселен, аудан әкімі Рахат Смағұлов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов бастаған мемлекеттік қызметшілер мен қариялар орталық алаңға шығып, ағаш көшеттерін отырғызды.

Акцияға колледж студенттері де қатысып, аға буын өкілдеріне қолдау көрсетті. Аудандық әкімдіктен бастау алған акция аудандық Мәдениет үйіне дейін жалғасып, жалпы 200-ден астам шырша көшеті отырғызылды.

«Таза Қазақстан» - бұл бір күндік сенбіліктер емес, ауданымыздың елді мекендерін абаттандыру және көгалдандыру бойынша өткізілетін күнделікті жұмыс болып табылады. Сондықтан әрбір мағжандықты аула аумақтарын тәртіппен ұстауға, сенбіліктер мен таза бейсенбіліктер өткізуге атсалысып, біздің ортақ үйіміз болып табылатын қоршаған ортамызды абаттандыру үшін тұтас көшелерді жинауға шақырамыз.

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ





# ҚАРТТАРҒА ҚҰРМЕТ – БАРШАМЫЗҒА МІНДЕТ

Осы орайда айтарымыз, қазан айының 1-ші жұлдызы күні аудандық Мәдениет үйінде «Аман жүрші, қарттарым!» атты қарттар күніне арналған мерекелік іс-шара болып өтті. Бұл күні алғашқы болып аудан әкімі Рахат Сұмағұлов сөз алып, барша қарттарды төл мерекесімен құттықтап, жылы тілегін жаудырды.

- Құрметті мағжандықтар! Сіздерді бүгінгі жарқын мереке – Қарттар күнімен құттықтай отырып, шын жүректен зор денсаулық, ұзақ өмір, амандық-саулық тілеймін! Сіздердің көп жылғы адал еңбектеріңіз, абыройлы қызметтеріңіз – өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлестеріңіз үшін шынайы алғысымызды

***Халықаралық қарттар күні - бұл аталар мен апалардың, ата-аналардың, бір-бірінің қадірін білетін жақын адамдардың мерекесі. Бұл - жан дүниенің жомарттығы мен адамдық даналықтың, азаматтықтың кемел шағына деген құрмет. Ардагерлер қажеттілігінен алшақ қалмай, үлкендерге құрмет көрсету халықтың мәдениеттілігін сипаттайтын негізгі белгі. Халқымызда «Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол» деген ұлағатты сөз бар.***

айтамыз.

Біз әрқашан қарияларға қажетті қолдауды көрсетіп, олардың қарттық шағын бақытты өткізулері үшін барлық жағдай жасаймыз. Ендеше, Сіздердің әр күндеріңіз сүйіспеншілік пен ілтипатқа толы болып, жақындарыңыздың мейірімділігі мен махаббатына бөлене беріңіздер, - деді аудан басшысы.

Айта кету керек, ұйымдастырылған іс-шара барысында көп жыл бойы адал еңбек еткен қариялар Алғыс хаттармен марапатталса, көп балалы аналарымызға бағалы сыйлықтар табысталды.

Сондай-ақ мереке қарсаңында облыстық ардагерлер кеңесінің орынбасары Бейбіт Айтанұлы да арнайы келіп, өзінің лебіз-құттықтауын жеткізді.

Құлақтан кіріп, бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй, – деп дана Абайымыз жырлағандай, іс-шара одан әрі концерттік бағдарламамен жалғасып, ауданның көркемөнерпаздары қадірлі қонақтарға жағымды көңіл күй сыйлады.

Шынымен де, жылдан жылға бұл күн «Қарттар күні» дәстүрлі мерекеге айналып келеді. Жыл сайын қарияларымызды көрген кезде, жүректерінің қуанғанын, кәріліктің сыр алғанын жылы жүздерінен байқаймыз. Сондықтан ел басына күн туған, қиын-қыстау күндерде халқына сүйеу, жұртына қамқор бола білген қазыналы қарттарымыз қашан да аман болсын дегіміз келеді.

**Қанат ӨТЕМҰРАТОВ.**









# ШЕКАРАШЫЛАР ҚАРИЯЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

***ҚР ҰҚК Шекара қызметі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментіне қарасты Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша «Аралағаш» шекара бөлімшесінің жеке құрамы Возвышенка ауылында тұратын қарияларды 1 қазан — Халықаралық қарттар күні мерекесімен құттықтады.***

Ел шебінде қызмет атқарып жүрген шекарашылар қарт адамдарға ұзақ ғұмыр мен зор денсаулық тілеп, сый-сияпат жасады. Өз кезегінде қариялар үнемі қал-жағдайын біліп, көңілін сұрап тұратын аралағаштық шекарашыларға рахметін айтып, жауынгерлік қызметтеріне жетістік тіледі.

**Қуаныш ЕЛЕМЕС,**
**Возвышенка ауылы «Аралағаш» шекара бөлімшесінің бастығы, лейтенант.**

# АҒА БУЫН ӨКІЛДЕРІНЕ АЙТАР АЛҒЫСЫМЫЗ ШЕКСІЗ



30 қыркүйек күні Қарттар мерекесіне орай, орталық кітапхананың оқу залында кітапханашылар «Ақ жаулық» және «Золотая осень» клубының мүшелерімен кеш өткізіп, шара барысында «Кім екенін тап?», «Ботқаны пісіру», «Көліктер», мақал-мәтелдер мен жұмбақтар шешу сайыстары ұйымдастырылды. Клуб мүшелері естен кетпес кеште сүйікті әндерін орындап, қонақтар арасында ұтыс ойынын өткізілді.

Мереке бойы қариялар көтеріңкі көңіл-күйде отырып, бір-біріне ізгі тілектерін арнады. Мерекенің жалғасы ретінде дастархан жайылып, онда қонақтар мазмұнды әңгіме-дүкен құрды. Қариялар жастық шақтарын еске алып, сүйікті әндерін шырқап, өлең оқып, би билеп, қалжыңдасып, ерекше әсер алды. Бұл күнгі мерекелік атмосфера ешкімді бей-жай қалдырмағаны анық.

«Қарты бар үйдің – қазынасы бар», - дейді дана халқымыз. Бізге және өсіп келе жатқан өскелең ұрпақ үшін қариялар өмір жолдарын арнап, еңбектің озық үлгісін көрсете білді. Адам ұрпағымен мәңгі жасайды. Сондықтан бүгінгі күн – кешегінің жемісі, ертеңгінің өркені. Бүгінгі ұрпақ үшін жасаған бар жақсылықтарыңыз үшін шынайы алғысымызды білдіреміз. Баршаңызға мықты денсаулық, сәттілік пен ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға бақыт, береке, бірлік тілейміз!

**Айсұлу РАСҚҰЛОВА,**
**Маржан ТҰЯҚОВА,**
**аудандық орталық кітапхана кітапханашылары.**

5 ҚАЗАН - МҰҒАЛІМДЕР КҮНІ!

# БІЛІМДІ ҰРПАҚ – БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ



Ұлы ойшыл Абай Құнанбаев айтқандай – адам бойындағы ең жақсы нәрсе - мұғалімнен. Мұғалім болу - жоғары кәсіп, ерекше талант және асыл миссия. Мұғалімдер білім беріп, оқушылардың жоғары адамгершілік қасиеттерін ашады, шығармашылық ойлау және тәуелсіз шешім қабылдау қабілеттерін дамытады.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде негізгі назар оқушылардың академиялық біліміне, оларда функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға, пәндік, метапәндік дағдылар мен құзыреттерді дамытуға, STEM-тәсіл негізінде оқытуға, тәрбиелік құрамдас бөлікті күшейтуге және инклюзивті ортаны қалыптастыруға бағытталған.

2024 жылдан бастап ауданда мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы желісі 40 бірлікті құрайды. Оның ішінде 2 балабақша: жобалық қуаты 55 орындық Қарақоға ауылының "Балапан", жобалық қуаты 50 орындық Возвышенка ауылының "Бөбек" балабақшасы; 2 мектеп-бөбекжай кешені. Сондай-ақ, ауданда 36 шағын орталық жұмыс істейді, оның 27-сі толық күн (80%).

Аудан бойынша 0-ден 6 жасқа дейінгі балалар саны 1927 құрайды, оның ішінде 3-тен 6 жасқа дейінгі 1265-і мектепке дейінгі оқытумен және тәрбиемен қамтылған, бұл 100% құрайды. Балаларын оқумен қамту мақсатында 2-ден 6-ға дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен шілдеде №2 Булаев орта мектебінде 45 орындық шағын орталық ашылды, сондай-ақ Еңбекші қазақ орталау мектебінде жанындағы шағын орталық 25 орынға кеңейтілді (қазіргі таңда шағын орталықтың жобалық қуаты 35 орын құрайды).

Ағымдағы оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарына 284 білім алушы қабылданды. Ауданның мектепке дейінгі білім беру жүйесінде барлығы 177 педагог өз қызметін жүзеге асырады, оның ішінде "педагог модератор" – 65, "педагог сарапшы" – 15, "педагог" – 6.

2024-2025 оқу жылында электронды нұсқада МЕКТЕП порталы арқылы 1 сыныпқа 399 өтініш берілді (өткен жылдан 51 өтінішке артық), 311 өтініш өңделді (77%), оның ішінде 311, яғни 100% қабылданды. Мемлекеттік тілде 1 сыныпқа 58 бала қабылданды, бұл 18,6% құрайды. Аралас тілді мектептерге 13 бірінші сынып оқушылары қабылданды

Орта білім 2024-2025 оқу жылында ауданның жалпы білім беру ұйымдарының желісі 39 бірлікті құрады, оның ішінде: 7 - бастауыш, 11 – орталау, 21 - орта. Оқушылардың аздығына байланысты "Придорожная бастауыш мектеп" КММ таратылып, "Хлебороб орталау мектебі" КММ бастауыш мектеп болып қайта құрылды. Аудан бойынша 1-ден 11-сыныпқа дейінгі білім алушылар контингенті 3 555 адамды құрайды. Шағын жинақталған мектептер саны - 32 бірлік немесе 82,5%, оларда 1603 бала оқиды.

ЖМБ пәндері бойынша білім сапасы – 70 %, үлгерімі - 100% құрады. ҚГБ пәндері бойынша білім сапасы - 71,4 %, үлгерімі - 100%. Алайда, аудан бойынша білімнің жалпы сапасы – 54% құрады.

2023-2024 оқу жылында 9 сыныпты 349 білім алушы бітірді, оның 58-і мемлекеттік тілде, 291-і орыс тілінде. Негізгі орта білім туралы үздік аттестатты 4 оқушы алды, олар Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясы (Исмахамбетова Рамина), Возвышен ОМ (Ғалым Аяулым), Мағжан Жұмабаев атындағы ОМ (Халел Айым), №2 Булаев ОМ (Мурзина Ульяна).

11-ші сыныпты 2023-2024 оқу жылында 143 түлек бітірді, оның 19-ы қазақ тілінде, 124-і орыс тілінде. Жалпы орта білім туралы үздік аттестатты "Батыр Баян атындағы мектеп-гимназия" КММ Оразалиев Диас және "Полтавка орта мектебі" КММ Гихаева Вероника алды. Чистов орта мектебінің оқушысы Бахмат Виктория және Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің оқушысы Қалдыров Айсара Алтын белгі аттестатын және Алтын белгі төсбелгісін алды.

2023-2024 оқу жылында Ұлттық бірыңғай тестілеу 25 мамыр мен 12 шілде аралығында өтті. Ауданда 2023-2024 оқу жылында 11 сыныптың 138 түлегі, негізгі жазғы ҰБТ-дан өту үшін 88 түлек (64%) тіркелді, ҰБТ-ға 85 түлек қатысты, яғни 62%. Аудан бойынша орташа балл 70,2 құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 5,2 баллға аз.

Аудан мектептерінің 3 түлегі 100 және одан да көп балл жинады: Оразалиев Диас ("Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясы" КММ, 116 балл), Мұқатаева Самира ("Булаев мектеп-бөбекжай кешені" КММ, 112 балл), Темірова Айнаш-("Ұзынкөл орта мектебі" КММ,102 балл).

Мағжан Жұмабаев ауданында 11-сыныптың 138 түлегінің 92 түлегі жоғары оқу орындарына түсті (жалпы санының 66,6%): "Манаш Қозыбаев атындағы СҚУ" КЕАҚ - 44 (оқуға түсушілер санының 47,8%); ҚР басқа жоғары оқу орындарына – 15 (16,3%); Ресей Федерациясының жоғары оқу орындарына - 32 (34,7%), басқа елдердің жоғары оқу орындары - 1 (1%). Грантқа 52 түлек (56,5%) түсті. СҚО ТжКБ-ға 36 түлек түсті (жалпы санының 26%). Білім беру сапасының маңызды факторы білім алушылардың білімін сырттай бағалау болып табылады.

2024 жылдың 16 мамырында ауданда білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізілді. Мониторингке ауданның 6 толық жинақты мектебінен 4 сыныптың 114 оқушысы және 9 сыныптың 158 оқушысы қатысты: "№ 2 Булаев орта мектебі" КММ, "Булаев мектеп-бөбекжай кешені" КММ, "Полудин орта мектебі" КММ, "Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп" КММ, "Возвышен орта мектебі" КММ, "Қарақоға орта мектебі" КММ. Облыстың 4 сыныптағы орташа балы - 508, ауданның орташа балы – 497. 9 сыныптағы облыстың орташа балы - 460, ауданның орташа балы – 462.

Ауданның білім беру жүйесінде дарынды балалармен жұмыс жүзеге асырылуда. Өткен оқу жылында ауданымыздың білім алушылары олимпиадалар мен конкурстардың облыстық және республикалық кезеңдерінің қатысушылары мен жүлдегерлері атанды. 2024 жылғы 21-24 ақпан аралығында "Зерде" ғылыми жобаларының республикалық кезеңі өтті, онда "Полтавка орта мектебі" КММ 3-сынып оқушысы Владимир Сваричевский жүлделі үшінші орынды иеленді. Жоба жетекшісі биология пәнінің мұғалімі Сваричевская Светлана Сергеевна. 2024 жылдың 24 сәуірінде 5-6 сынып оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиаданың республикалық кезеңі өтті, оған "Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп" КММ-нің екі оқушысы қатысты. Қатысу нәтижелері бойынша бірінші орынды 6-сынып оқушысы Тәжібай Алисұлтан, жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Марал Жақсыбайқызы Қантаева, екінші орынды 5-сынып оқушысы Жансұлу Сансызбай иеленді, дайындаған орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Данилярова Айнаш Қайыржанқызы.

2024 жылы жазғы іс-шаралардың барлық түрлерімен 2864 білім алушы қамтылды, бұл 1-10 сынып оқушыларының жалпы контингентінің 87% құрады.

2024 жылғы 5-25 маусым аралығында мектеп жанындағы алаңдар жұмыс істеді, тамақтандыруды ұйымдастырумен алаңдар жұмысына 412 бала, тамақтандырусыз - 1257 бала қатысты. Шатырлы лагерьлерде ұйымдастырылған демалыспен 120 білім алушы қамтылды, спорт лагерлерінде – 630, 20 еңбек жасағында және көгалдандыру және абаттандыру бойынша 28 бригадада 757 білім алушы қатысты.

Квота бойынша "Эдельвейс-Бурабай" балалар лагерінде - 59 білім алушы, "Звездный континент" лагеріне - 4 білім алушы барды. 4 маусымда "Аққайың" лагерінде жазғы сауықтыру демалысымен қамту 318 білім алушыны құрады, оның ішінде 120-сы "Жалпы оқыту" қоры есебінен, 103-і демеушілік қаражат есебінен, 60-ы кәсіподақ есебінен, 35-і ата-ана қаражаты есебінен. "Аққайың" жазғы сауықтыру лагері 2024 жылдың 18 маусымы мен 07 тамызы аралығында жұмыс істеді. Сондай-ақ, лагерь базасында этноауыл жұмыс істеді, барлығы 840 оқушы қамтылды.

Ауданда 585 оқушыны қамтитын "Алтын Ұрпақ" балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығы жұмыс істейді. Бұл орталықтың аудан мектептерінде бірқатар филиалдары бар.

Аудан мектептерінде 20 лингафондық-мультимедиялық кабинет, 9 химия кабинеті, 12 биология кабинеті, 20 физика кабинеті жұмыс істейді, 49 интерактивті тақта орнатылған. Компьютерлер саны - 1310 бірлік, оның 973-і оқу процесінде пайдаланылады. Интернетке 20 Мегабит/с және одан жоғары жылдамдықпен 37 мектеп немесе 95,8% қосылған. Цифрландыру шеңберінде "BilimClass" бірыңғай ақпараттық жүйесін енгізу және пайдалану бойынша жұмыстар жалғасуда, бүгінгі таңда ауданның 39 (100%) мектебі осы жүйеде жұмыс істейді.

Сондай-ақ, жазғы кезеңде ауданның 20 мектебінде Starlink технологиясы бойынша интернет орнатылды. Ағымдағы жылы облыстық бюджеттен аналогтық бейнекамераларды цифрлық камераларға ауыстыруға 18,6 млн. теңге бөлінді. Жұмыс барысында ауданның 25 мектебінде 430 сандық бейнекамера орнатылды. АҚазіргі уақытта мектептерде мамандандырылған күзет бар. Сондай-ақ, Булаев қаласының мектептерінде карточкалық өткізу жүйесі бар турникеттер орнатылды, металл детекторлары бар.

Биыл 6 модульдік қазандық сатып алынып, барлығы орнатылды. Білім беру ұйымдарының 2024-2025 оқу жылының жылыту маусымына қатты отынға қажеттілігі 8940 тонна көмірді құрайды. 8940 тонна (ауылдық мектептерге 6474 тонна көмір, Булаев қаласының мектептеріне 2400 тонна, Возвышенка ауылының "Бөбек" балабақшасына 66 тонна) сатып алынды.

2024 жылы ауданның білім беру саласын қаржыландыру 8,9 млрд. теңгені құрады. "Октябрь орта мектебі" КММ-де 46,6 млн. теңге сомасына күрделі жөндеу жүргізілді. Сондай-ақ, 71,5 млн. теңгеге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде білім алушылар үшін қолайлы жағдайлар жасалды.

Мектептер мен балабақшалардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға 334,4 млн. теңге бағытталды. Спорттық құрал-жабдықтар, асханаларға арналған ас үй жабдықтары, жаңа модификациядағы 2 кабинет, мектеп жиһаздары, компьютерлер, 222 млн. теңгеге 6 қазандық, 10,5 млн. теңгеге қазандық жабдықтары сатып алынды.

Балаларды тасымалдауды ұйымдастыру үшін 2 жайлы мектеп автобусы сатып алынды. Жаңа оқу жылының басынан бастап 1-4 сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Осы мақсаттарға 33 млн. теңге бағытталды.

Соңғы уақытта мемлекет білім беру саласына көп көңіл бөлуде. Бұл педагогтердің жалақысын көтеру, білім беру ұйымдарын жиһазбен, техникамен, интерактивті тақталармен, пәндік кабинеттермен жарақтандыру. Бізден, білім беру жүйесінің қызметкерлерінен қайтарым және ең алдымен нәтиже – оқушылардың білімінің жоғары сапасы, нәтижесінде – түрлі зияткерлік конкурстар мен олимпиадаларда жеңіске жету, ЖОО-ға грантқа түсушілердің пайызын арттыру қажет. Мұндай міндет ауданның барлық педагогикалық ұжымдары алдында басымдыққа ие болуға тиіс.

**Құрметті әріптестер!**
**Педагогикалық еңбек ардагерлері!**

Сіздерді кәсіби мереке - Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бүгінгі таңда мұғалімнің алдында күрделі міндеттер тұр. Тек нағыз мұғалім ғана жастардың қабілеттерін барынша ашып, оларды үйренуге, тұлға болуға және болашақ ересек өмірде жетістіктерге жетуге үйрете алады.

Сіздерге денсаулық пен бақыт тілеймін. Сіздердің мамандықтарыңыз Сіздерге қуаныш әкелсін және Сіздердің таланттарыңызды ашуға ықпал етсін, өйткені талантты мұғалімдер ғана талантты оқушыларды тәрбиелей алады!

**Талғат ҚАРАБАЕВ,**
**аудандық білім бөлімінің басшысы.**

# ӨЗ ІСІНІҢ ШЕБЕРІ



*Қазақстанда педагогтердің кәсіби мерекесі – Мұғалімдер күні енді 5 қазанда атап өтіледі. Өткен жылы Үкімет тиісті қаулы қабылдады. Мемлекеттік мерекелер тізіміне сәйкес, республикада Мұғалімдер күні осы уақытқа дейін қазан айының бірінші жексенбісінде тойланып келді. Енді бұл мереке 5 қазанда әлемнің 100-ден астам елі атап өтетін Дүниежүзілік мұғалімдер күнімен сәйкестендірілді.*

Мұғалімдер күні – білім беру саласындағы қызметкерлердің барлығына ортақ кәсіби мереке. Бұл күні ұстаздар қауымының қоғам дамуындағы рөлі мен еңбегі, оған қосатын зор үлесі аталып өтіледі. Осыған орай, біз бүгін Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің психологы - Динара Әбішева жайлы айтпақпыз.

Динара Қайыргелдіқызы - бұл тек маман ғана емес, ол біздің мектебіміздің жүрегі мен жаны. Ұстаздар күні қарсаңында біз оны шын жүректен құттықтап, оқушылардың, ата-аналардың және бүкіл ұжымның өміріне қосқан баға жетпес үлесі үшін алғысымызды білдіреміз.

Психолог жұмысы тек кәсіби білімді ғана емес, сонымен қатар үлкен ішкі күшті, сабыр мен мейірімділікті талап етеді. Динара Қайыргелдіқызы әр баланың ішкі әлемін жақсы түсініп, олардың сыныптастарымен тіл табысуына, оқу процесінде және жеке мәселелерде қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Ол әрқашан тыңдауға, қолдауға және ең қиын жағдайларда да шешім табуға дайын.

Ол күн сайын тек оқушылармен ғана емес, олардың ата-аналарымен де жұмыс істейді, балалар мен ересектер арасында түсіністік көпірін құруға атсалысады. Оның кеңестері әрқашан ақылға қонымды, ал ұсыныстары пайдалы әрі практикалық қолдануға тиімді.

Осы тамаша мереке күні біз Динара Қайыргелдіқызына зор денсаулық, оның күрделі әрі маңызды жұмысында табыс, сондай-ақ әр күннен қуаныш пен шабыт алуды тілейміз. Оның еңбегі әрқашан оқушылардың алғысы мен әріптестерінің құрметіне лайық болсын.

Ұстаздар күні құтты болсын, құрметті Динара Қайыргелдіқызы! Сіз өз ісінің шебері әрі үлкен жүректі жансыз!

**Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің ұжымы.**

9 ҚАЗАН - ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ПОШТА КҮНІ

# ПОШТАШЫЛАРҒА ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТ АУҚЫМДЫ

*Қазақстан халқының жартысына жуығы ауылды жерде тұратынын ескерсек, ел азаматтарының басым бөлігі халық саны екі мың адамға жетпейтін ауылдарды мекендейді екен. Сондықтан олар пошта қызметімен қатар пошта арқылы көрсетілетін барлық мемлекеттік қызмет түрлерін алады. Пошта байланыс торабы заман өзгеріп, талап күшейген сайын соған сай жаңарып дамуда. Қазіргі таңда ауылдықтар үшін жалақы, зейнетақы және жәрдемақы алу, коммуналдық қызметтің ақысын төлеу, ақша аудару, депозит ашу, зейнетақы қорларындағы есеп-шоттарымен жұмыс істеу, хат-хабар алмасу, бандероль, сәлем-сауқат алу-жіберу, мерзімді басылымдарды жаздырып алу сияқты әлеуметтік маңызды қызметтер қол жетімді.*



Ауылдықтарға кең ауқымды қызмет көрсететін ұйымның бірі - «Қазпошта» АҚ Мағжан Жұмабаев аудандық пошта байланыс торабының Полудино ауылындағы бөлімшесі. Ауылдың қақ ортасында орналасқан пошта бөлімшесін 2015 жылдан бері Ақажан Әлімұлы Омаров басқарып келеді. Ұжымда одан бөлек Мария Голобородько есімді бір пошташы бар.

Осы тұста, Ақажан Әлімұлы ауылдастарына 17 жылдан астам уақыт қызмет еткен пошташы Светлана Гриценко жайлы айтып, оның сүбелі еңбегін жоғары бағалады. Бүгінгі таңда ол құрметті зейнетке шыққан екен. Шынында да, «Қазпошта» жазуы жазылған көк сөмкені иығына асып алып, хат-хабар таратып жүретін пошташыларды ауылдықтардың бәрі жақсы біледі.

Күнде халықпен тығыз араласатын Ақажан Омаровты да полудиндіктер жақсы таниды. Ол 1995 жылдан бері Полудин ауылында тұрады. Негізгі мамандығы – агроном болса да, көп балалы отбасында өскендіктен кез келген істі үйіріп әкетуге дағдыланған маман. Туған жері - Булаев ауданы Конюхово ауылы. 1967 жылы 12 желтоқсанда дүниеге келген. 10 сыныптық орта мектепті бітірген соң, ол Қиыр Шығыста екі жыл әскери борышын өтеген. Әскерден аман оралғаннан кейін Ақажан Әлімұлы Омбы ауыл шаруашылығы институтында білім алып, агроном мамандығы бар дипломға қол жеткізеді.

1994 жылы Бастомар кеңшарында еңбек етіп, бір жылдан соң, Полудинге көшіп келеді. Кеңшардың бас агрономы лауазымында екі жылдай қызмет атқарып, кейін өз ісін ашып, шаруа қожалығын басқарады. Егіншілікпен айналысқан кейіпкеріміз 2000 жылы мемлекеттік қызметке ауысып, 2011 жылға дейін Қарақоға шекаралық автокөлік бекетінде өсімдік карантині жөніндегі инспектор болып жұмыс істейді. Ал 2015 жылы пошта саласына қызметке келіп, қазіргі уақытқа дейін табысты қызмет етуде.

1994 жылы жас агроном Ақажан Әлімұлы қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі Раушан Жеңісқызымен шаңырақ құрып, бүгінгі таңда үш қыз бен бір ұл тәрбиелеп өсірген бақытты ата-ана. Ерлі-зайыптылар балаларының барлығын ақылды әрі дарынды етіп, тәрбиелеп өсіруде. Тұңғыштары Әйгерім мен екінші қыздары Арайлым технолог инженер мамандықтарын таңдап, бүгінгі таңда Атырау мен Астана қалаларында газмұнай саласында абыройлы еңбек етуде. Қыздардың көпейі - Аружан Қызылжар қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 12-ші сыныбында оқиды. Ал шаңырақтың кенжесі Ахмет болса, Мағжан Жұмабаев жоғарғы колледжінде ақпараттық технологиялар мамандығы бойынша білім алуда.

- Пошта қызметі ауылдықтар үшін өте қажет. Сол себепті, «Қазпошта» компаниясы халыққа қызмет көрсетудің көптеген түрлерін жүзеге асыруды қолға алған. Мәселен, тұрғындар зейнетақы, жәрдемақы алып, бірден әртүрлі коммуналдық және салық қызметтерін төлейді. Оған қоса, телефон балансын толтырып, несиелері үшін төлем жасайды. Қаладағы балаларына ақшалай қаражат жолдайды. Сондай-ақ тауарларға тапсырыс береді немесе ақысын төлейді. Несие ресімдеп, газет-журнал жаздырады, - дейді бөлімше бастығы.

Сөз соңында айтарымыз, қай заманда болмасын пошта қызметі халық үшін, әсіресе, шалғай ауылдың тұрғындары үшін ауадай қажет мекеменің бірі болып саналады. Өйткені, пошта ең алыс жатқан ауылдық жерлерге пошта қызметімен қатар қаржылай қызмет көрсететін бірден-бір мекеме.



Ендеше, 9 қазан - Дүниежүзілік пошта күніне орай, барша пошта саласында еңбек етіп жатқан жандарды төл мерекелерімен құттықтап, дендеріне саулық, қызметтеріне табыс, отбасыларына амандық, береке-бірлік тілейміз.

**Еркін ТӨЛЕГЕН.**

**1-ші суретте: бөлімше бастығы - Ақажан Омаров;**
**2-ші суретте: зейнеткер Светлана Гриценко, жас пошташы Мария Голобородько (оңнан солға қарай).**

«НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ» АКЦИЯСЫ

# ВЕЛОЖАРЫСТЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ




**27 қыркүйек күні аудан орталығы Булаев қаласында дәстүрлі веложарыс ұйымдастырылып, биыл ол «Нашақорлыққа жол жоқ» акциясы аясында өтті. Әр түрлі жастағы 100-ден астам велоспорт әуесқойлары қатысқан велосипедшілер марафоны «Magnum express» супермаркетінің жанынан басталып, «Достық» мәдениет және демалыс саябағында мәреге жетті (Целинная, Комаров, Батыр Баян, Сәбит Мұқанов және Абай Құнанбаев көшелері бойынша).**

Бұл веложарыстың мақсаты - мағжандықтар арасында нашақорлыққа қарсы мәдениет қалыптастырып, есірткіні қолданбауға, жаман әдеттерден аулақ болуға шақыру және жастарды салауатты өмір салтын ұстануға насихаттау.

Аудан басшылығы, мекемелер мен ұйым қызметкерлері, студенттер мен оқушылар, сондай-ақ екі доңғалақты көлік құралын ұнататын қарапайым қала тұрғындары қатысқан іс-шараның қорытындысы бойынша үздіктер марапатталып, қошемет көрсетілді.

Атап өтер болсақ, ерлер арасында Виктор Славный жеңімпаз атанса, Александр Тарабарин мен Мәжит Ғабдулин сәйкесінше күміс және қола медальдарды қанағат тұтты.

Әйелдер арасында Әдемі-ау Ысқақованың қарқынына тең келер ешкім болмады, ал Виктория Коцуренко мен Гүлназ Қазбекова 2-ші және 3-ші орындарды иеленді.

Қыздар арасында Арина Царегородцева озық бойы алда келіп, жеңістің биік тұғырына көтерілді, ал Жанель Нұралина мен Арзу Гасанова сәйкесінше күміс және қола медальдарды жеңіп алды.

Ұлдар арасында Вадим Жаркенов үздік деп танылса, Александр Морозов пен Арсений Волчков жарыс жүлдегері атанды.

Ересектерге диплом мен медальдар табыс етіліп, жеңімпаздар қосымша кубокпен марапатталды. Мектеп оқушылары да дипломмен және медальдармен марапатталып, қосымша ынталандыру үшін бағалы сыйлық табысталды.

Марапаттау рәсімін өткізген аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов пен облыстық полиция департаментіндегі есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы Руслан Сапаров жиналған жұртшылықтың назарын нашақорлықпен күреске аударып, есірткіге еліктеген жастарды қоғамдық кеселден қорғауға шақырды.

Осылайша, іс-шараның барлық қатысушылары «Нашақорлыққа жол жоқ» акциясын бірауыздан қолдап, акция соңында аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламаны тамашалады.

САЙЛАУШЫЛАР НАЗАРЫНА!




# ЕЛ АЗАМАТТАРЫ РЕФЕРЕНДУМДА ҚАЛАЙ ДАУЫС БЕРЕ АЛАДЫ

**2024 жылғы 6 қазанда Қазақстанда АЭС салу мәселесі бойынша республикалық референдум өтеді. Оған Қазақстан азаматтығы бар кез-келген 18 жасқа толған адам қатысып, өз таңдауын жасай алады.**

**Республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтарды тізімге енгізу**

Әкімдіктер республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізіміне тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркелген Қазақстан азаматтарын енгізеді.

Тұрақты тіркелген жері бойынша емес, өзінің тұрған жері бойынша дауыс бергісі келетін азамат әкімдікке өтініш беруге құқылы.

Республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтар тізімде бар-жоғын тексеріп, тізімге ену үшін қайда жүгіну керектігін әкімдіктің интернет-ресурсында немесе жергілікті атқарушы органның Call-орталығына қоңырау шалу арқылы біле алады.

Референдум учаскелерінде азаматтар дауыс беру күніне 15 күн қалғанда референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімдеріне енгізілген деректердің дұрыстығына көз жеткізе алады.

**Әрбір азамат өзі туралы деректерді тексеруге құқылы**

Түзетулер енгізу немесе азаматтар тізіміне енгізу қажеттілігі туралы өтінішті учаскелік референдум комиссиясы қарайды.

**Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктері**

Тұрғылықты жері өзгерген азамат референдумның басқа сайлау учаскесінде дауыс беру үшін есептен шығару куәлігін ала алады.

Мұндай куәліктерді 20 қыркүйектен бастап алуға болады. Есептен шығару куәліктерін беру 5 қазанда сағат 18:00-де тоқтатылады.

Дауыс беру кезінде азамат есептен шығару куәлігін және жеке басын куәландыратын құжатты (оның ішінде электрондық нұсқаны) ұсынады.

Учаскелік референдум комиссиясы ел азаматтарын республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтар тізіміне енгізеді және дауыс беруге арналған бюллетень береді.

Куәлік тек бір рет пайдаланылады және азамат дауыс берген учаскеде қалады.

Есептен шығару куәліктері жоғалған жағдайда олар қалпына келтіруге жатпайды.

Есептен шығару куәлігі бір елді мекен шегінде басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға берілмейді.

ҚАЗАҚСТАН АЭС САЛУ МӘСЕЛЕСІ

# ЭНЕРГИЯ ТАПШЫЛЫҒЫ: МӘСЕЛЕНІ ШЕШУДІҢ МҮМКІНДІГІ

**Елге АЭС не үшін қажет? Ол қандай мәселені шешеді? Оның қауіпсіздігі үшін не істелмек? Осы және өзге сауал төңірегінде бірқатар ойды сараптап көрелік.**



**Уран таблеткасы**

Көмір мен көгілдір отын қоры елде мол бола тұрып неліктен АЭС құрылысы туралы шұғыл идея көтерілді? Бұл сұрақ көптің көкейінде. Электр энергиясын тұтыну өскенін ескерсек, энергиямен тұрақты қамтитын электр қуатын өндірудің жаңа негізгі көзін енгізу қажет. Ал көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі жаһандық талап аясында халықаралық қаржы институттары көмір электр стансасы жобасын қаржыландырудан бас тартып отыр. Сондықтан көмір энергиясын негізгі көз ретінде пайдалану мүмкіндігі жоқ. Сондай-ақ елдегі табиғи газ қоры да шектеулі. Оны одан әрі дамыту тым қиын.

«Энергетика министрлігінің мәліметінше, қазіргі қолданыстағы энергия көздері ең жоғары жүктемелерді өтей алмайды. Былтыр электр энергиясын тұтыну көлемі 115 млрд кВт/сағ деңгейінде болды, электр энергиясын өндіру 112,8 млрд кВт/сағатты құрады. Бекітілген қуат балансына сәйкес 2030 жылға қарай қажетті резерв деңгейі 17% болғанда электр энергиясына қажеттілік 28,2 ГВт-ты құрайды, ал жаңа қуаттарды іске қосуды есепке алғанда қолда бар қуат 22 ГВт болады. Елдегі осы тапшылықтың орнын толтырып, экспорттық әлеуетті арттыруға министрлік қосымша 26 ГВт жаңа генерациялау қуаттылығын іске қосуды көздейтін электр энергетикасын дамыту іс-шарасының жоспарын әзірледі. Жыл сайын елде жылу электр стансалары электр қуатын өндіру үшін шамамен 60 млн тонна көмір жағады. Станса қалдықтары қоршаған ортаға жойқын әсер етеді. Ал мегаполис тұрғындары ауаның ластануына наразы», дейді «Қазақстандық атом электр стансалары» ЖШС бас директоры Тимур Жантикин.

Елдегі энергияның 70%-ы көмір жағу арқылы өндірілетінін ескерсек, жағдай тағы қиындай түседі. Қазір көрші елден келетін жоспардан тыс жабылған электр қуатының тапшылығы бар. Осылайша, қуат тапшылығын жабу мақсатында электр энергиясын жоспардан тыс Ресейден жеткізуді жүзеге асырып отырмыз. Былтыр желтоқсанда ресейлік энергетикалық жүйеден елімізге жіберілген энергия ағыны 150 МВт диапазонында диспетчерлік кестеде көрсетілген ағындардың нақты балансында орташа сағаттық ауытқуы 1 519 МВт-қа дейін құрады. Басқаша айтқанда, бекітілген бақылау сағаттарында рұқсат етілген 150 МВт диапазонынан тыс ауытқулар үлкен қаржылық шығындарға әкеп соғады. Қалыптасқан жағдай қарапайым тұтынушылар үшін электр энергиясының қымбаттауына алып келетіні сөзсіз.

**Халықаралық конференцияның кесімді келісімі**

Саладағы қазіргі жағдайды АЭС салу ғана түзете алады. Толық жанған кезде 4%-ға дейін байытылған 1 кг уран шамамен 100 тонна жоғары сапалы көмірді немесе 60 тонна мұнайды жағуға тең энергия бөледі. Ядролық реактордағы бір уран таблеткасы үш жыл ішінде 1 400 кВт/сағ электр энергиясын өндіреді.

Сарапшылардың балама энергия ретінде жаңғыртылатын энергия көздерін, яғни жел мен күн энергиясын айтып жүргені белгілі. Алайда кәсіби мамандардың пікіріне құлақ салсақ, жел мен күн райының тұрақсыздығына, жұмыстың болжаусыздығына байланысты олар сенімді әрі негізгі генерация көзі ретінде әрекет ете алмайды. Энергетика секторындағы технологияның қазіргі даму деңгейінде ядролық энергетика қажетті қуатты ауыстырудың ең перспективалы шешімі болмақ.

«2023 жылы Дубайда БҰҰ-ның Климаттың өзгеруіне қатысты Тараптардың 28-конференциясы (COP28) өтті. Ол барлық тарап бірауыздан келіскен және қазбалы отыннан бас тартуға, нөлдік режимді енгізуді тездетуге шақырған. Онда қалдықтары аз технологиялар көрсетілген. Қатарында атом энергетикасы да бар. Жаһандық шараға қатысқан ондаған мемлекеттің басшылары бұл шешімді мақұлдап, жүзеге асыруға кірісіп те кеткен», дейді Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ядролық физика кафедрасының меңгерушісі Қасым Жұмаділов.

Оның сөзінше, COP28 іс-шарасында 2050 жылға қарай ядролық қуаттылықты кем дегенде үш есе арттыруды көздейтін «Net Zero Nuclear Industry Pledge» бағдарламасы іске қосылды. Кепілге қол қойған компаниялар 140-тан астам елде жұмыс істейді және үкіметтер сияқты ядролық энергетиканы өршіл кеңейтуді қолдауға міндеттенді.

МАГАТЭ мәліметінше, қазір 31 елде жалпы қуаттылығы 373,7 ГВт болатын 415 атом электр блогі жұмыс істейді, 15 елде 62 реактор салынып жатыр. АҚШ (94 реактор), Франция (56 реактор), Қытай (56 реактор), Ресей (36 реактор), Оңтүстік Корея (26 реактор), Жапония (12 реактор) елдері атом энергиясының маңызды қуатымен мақтана алады. МАГАТЭ-нің жаңа шолуында ұсынылған оптимистік сценарийде жаһандық ядролық қуат 2020 жылы тіркелген 393 ГВт-тан 2050 жылға қарай 792 ГВт-ға дейін, екі есе өседі деп болжанып отыр.

**Экономиканың жасыл трансформациясы**

Еліміз дамып, жаңа өндірістер іске қосылып, халық саны артып, жаңа шағын аудандар бой көтеріп жатыр. Соған сәйкес жыл сайын электр энергиясы да көбірек қажет. Оған қоса, экологиялық мәселелер де күн тәртібінен түспейді.

«Атом өнеркәсібін дамытудың қажеттілігі мынада – қазіргі жұмыс істеп тұрған электр стансаларының тозуы 70 пайызды құрап отыр. Электр энергиясын тұтынудың жылдық өсімі 3%. Атом энергетикасын дамыту – ұзақмерзімді міндет. Оны шешу елдің энергетикалық тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін кемінде 100 жыл бойы қамтамасыз етеді. Бізде дәл осы қызмет ету мерзімі қарастырылып жатыр. Сондай-ақ егер біз климат мәселелеріне әлемдік қоғамдастық назарын арттыру жағдайында ел экономикасының жасыл трансформациясын және оның тұрақты дамуын қолдағымыз келсе, энергияның көміртегісіз генерацияға көшуін қамтамасыз ету маңызды. Адамдар қазір атом энергиясынсыз бұл проблемалардың барлығын шешу мүмкін емес. Осылайша, біздің елде атом электр стансасын салу индустриялық даму үшін өте маңызды. Ол барлық салаға оң мультипликативті әсер ететін тиімді шешім», дейді Т.Жантикин.

АЭС-ті орналастыруға Үлкен ауылының маңы ұсынылған. Жоба аясында қуаттылығы 1,4 ГВт-қа дейінгі екі блок салынуы мүмкін. Стансаның жалпы қуаты 2,8 ГВт-қа жетеді деп көзделеді. Бұл ең бірінші кезекте оңтүстіктегі базалық қуат тапшылығын жабуға мүмкіндік береді.

**Таза ауа – дертке дауа**

АЭС жұмысы парниктік әсердің артуына ешқандай әсер етпейді, керісінше, станса парниктік газды азайтуға көмектеседі дейді мамандар. Мысалы, жыл сайын 1 000 МВт АЭС-ті пайдалану парниктік газ қалдықтары 4 млн тоннаға азаяды. БҰҰ-ның Еуропа экономикалық комиссиясының (БҰҰ ЕЭК) мәліметінше, ядролық энергетика бүкіл өмірлікциклде парниктік газ шығарындылары ең төмен қуат болып есептеледі. Ауаға зиянды зат бөлу көрсеткіші келесідей: Көмір – 820 грамм/кВт/сағ ($CO_2$ баламасы), табиғи газ – 490 грамм, су стансасы – 24 грамм, күн – 48 грамм, ядролық отын – 12 грамм.

«Чернобыль және Фукусима АЭС-індегі апаттан кейін АЭС-ке қатысты адамдарда алаңдаушылық бар. Десек те, АЭС – әлемдегі ең қауіпсіз әрі сенімді қондырғылардың бірі. Апат ықтималдығын азайтуға МАГАТЭ мемлекеттерге АЭС қауіпсіздігін жақсарту мақсатында халықаралық қауіпсіздік стандарттарын қолдануға көмектеседі. МАГАТЭ Чернобыль және Фукусима АЭС-інде орын алған қауіпсіздік жүйелеріндегі қателерді болдырмауды қамтамасыз ететін тиісті стандарттар мен ұсыныстарды дайындап береді. Ондағы сенім кілті – АЭС-тің жетілдірілген буындары. Ол – белсенді және пассивті қауіпсіздік жүйелерін біріктіретін, стансаны сыртқы және ішкі әсерге барынша төзімді ететін III+ буын реакторы бар қондырғы», дейді Қ.Жұмаділов.

Қазіргі заманғы III және III+ буын зауыттарында жылына 10-7 (10-нан аз минус жетінші қуатқа) оқиғадан аз ауыр апат ықтималдығы бар. Бұл 10 млн жылда бір апат болуы мүмкін дегенді білдіреді. АЭС-тің қауіпсіздік деңгейі, мысалы, авиациялық көлікке қарағанда әлдеқайда жоғары.

**Көлге қауіп жоқ**

«АЭС жобасында Балқаш көлін пайдалану жоспарланған ба?» деген сұрақ та жұрт көңіліне кірбің ұялатқан. Алдын ала бағалау көрсеткендей, Балқаш көлінің экожүйесіне қауіп төнбейді. АЭС салудың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу кезінде Балқаштың су режиміне ықтимал теріс әсер ететін факторларды, суқоймасы бассейнінің гидрологиялық сенімділігін, сондай-ақ олардың қалыптасу көздерін және жерасты суларының режимін одан әрі зерттеу қажет. Дегенмен табиғи су айдыны жағасында АЭС салу тәжірибесі кең таралған және әлемдегі АЭС пайдаланатын бірде-бір мемлекет әзірге зауыттардың су айдынына теріс әсер етуінің нақты фактілерін кездестірмеген.

«Бізде құрылысы қарастырылып жатқан реактордың барлығы қос контурлы. Мұнда су бастапқы контурда, ядромен тікелей байланыста айналады. Бастапқы контурдағы судың жылуы онымен жанаспастан екінші контурдағы суға беріледі. Бұл жағдайда турбина реактордың екінші контурында пайда болған бумен қозғалады. Жалпы, АЭС су шығарылған бу конденсацияланатын және қайтадан пайдаланылатын жабық жүйеде айналады. АЭС Балқаш көлінің жағасында орналасса, оны пайдалану кезінде өтелмейтін су ысырабы көлдің табиғи булануынан болатын ысыраппен салыстырғанда әлдеқайда аз болады», деді Т.Жантикин.

Оның айтуынша, ядролық технологияны жеткізушілер ұсынған деректерге сәйкес екі блокты АЭС пайдалану кезінде судың қайтымсыз жоғалуы (булануы) шамамен 63 млн текше метр/жыл болады. Бұл оның жалпы булануының 0,32%-ын ғана құрайды. Көл суының жалпы көлемі – шамамен 108,3 млрд текше метр. Демек АЭС-ті салқындату көлдің көлеміне мүлде әсер етпейді.

**Нұрбай ЖОЛШЫБАЙҰЛЫ.**








## QAZAQSTAN

### Дүйсенбі, 7 қазан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 «ЖӘДІГЕР».
06.30, 04.15 «ІНЖУ-МАРЖАН».
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ.
10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ».
12.10, 02.45 «ТАТУ-ТӘТТІ».
14.10 АПТА.
15.00 Т/Х «ЗАМАНДАС-ТАР».
17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ.
21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ».
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
23.15 «1001 ТҮН».
01.40 САНА.
04.55 АУЫЛДАСТАР.

### Сейсенбі, 8 қазан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05, 04.35 «ЖӘДІГЕР».
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ».
12.10, 03.05 «ТАТУ-ТӘТТІ».
14.10 АҚОРДА.
14.20, 01.40 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ.
14.40 «ТАСҚЫННАН КЕЙІНГІ ТІРШІЛІК», Д/Ф.
15.00, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ».
16.00 Т/Х «ЗАМАНДАС-ТАР».
17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ.
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
23.15 «1001 ТҮН».
02.00 САНА.
05.00 АУЫЛДАСТАР.

### Сәрсенбі, 9 қазан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 «ЖӘДІГЕР».
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ».
12.10, 03.30 «ТАТУ-ТӘТТІ».
14.10, 01.40 ҚОС ПАЛАТА.
14.35, 02.00 АТАМЕКЕН.
15.00, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ».
16.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР».
17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ.
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
23.15 «1001 ТҮН».
02.25 САНА.
05.00 АУЫЛДАСТАР.

### Бейсенбі, 10 қазан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05, 04.45 «ЖӘДІГЕР».
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ».
12.10, 02.45 «ТАТУ-ТӘТТІ».
14.10, 04.15 АҢСАҒАН СӘБИ
14.40 ҒЫЛЫМ АДАМЫ.
15.00, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ».
16.00 Т/Х «ЗАМАНДАС-ТАР».
17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ.
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
23.15 «1001 ТҮН».
01.40 САНА.
05.05 АУЫЛДАСТАР.

### Жұма, 11 қазан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05, 05.15 «ЖӘДІГЕР».
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.30 АҚПАРАТ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ».
12.10, 02.30 «ТАТУ-ТӘТТІ».
14.10, 04.00 БІРЕГЕЙ.
15.00 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ».
16.00 Т/Х «ЗАМАНДАС-ТАР».
17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
20.30, 00.30 АШЫҚ АЛАҢ.
21.25 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА.
22.35 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
00.00 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ.
01.25 САНА.
04.45 АУЫЛДАСТАР

### Сенбі, 12 қазан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05, 04.25 «ЖӘДІГЕР».
06.30, 17.00, 01.05 АҚПАРАТ.
07.00, 03.25 «АУЫЛДАС-ТАР».
07.35 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
08.25, 03.55 ШАҢЫРАҚ.
09.00, 02.05 ТЕЛЕДӘРІГЕР.
10.00, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ».
12.00, 20.00 ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҮП.
14.35 ДАРА БАЛА.
15.55 М/Ф.
17.20, 01.25 «ҚОС ПАЛАТА».
17.40, 01.45 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ.
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
23.15 Т/Х «БАЛУАН ШОЛАҚ».
03.05 АТАМЕКЕН.

### Жексенбі, 13 қазан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 «ЖӘДІГЕР».
06.30, 04.45 «АУЫЛДАСТАР».
07.00, 04.00 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ», Д/Ф.
07.45 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...».
08.35 КОНЦЕРТ.
09.40, 03.40 АҚСАУЫТ.
10.00, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ».
12.00 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҮП».
14.20, 02.00 АТАМЕКЕН.
14.50 М/Ф «ТҮЛКІ МЕН ИТ 2».
15.50 Ф. ОҢҒАРСЫНОВАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН КЕШ.
17.30, 02.25 АҢСАҒАН СӘБИ.
20.00, 00.55 АПТА.
20.50, 01.45 АҚОРДА.
21.00 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ.
22.25 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
23.25 «БІЗДІҢ СҮЙІКТІ ДӘРІГЕР», Х/Ф.
02.55 «КҮМІС КӨМЕЙ».

## ХАБАР

### Дүйсенбі, 7 қазан

05.00 «КІМ МЫҚТЫ?».
07.00 ОЯН.
10.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА.
10.25 Т/С «ЛЕСТНИЦА В НЕБЕСА».
12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ».
14.00, 22.00 Т/С «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ».
15.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
16.00, 22.50 «ТИМУЧИН», Х/Ф.
18.00 ӘСЕМ ӘНДЕР.
18.30 НОВОСТИ.
19.00 ТАЛҚЫ.
19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Сейсенбі, 8 қазан

05.00 «КІМ МЫҚТЫ?».
07.00 ОЯН.
10.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ.
10.25 Т/С «ЛЕСТНИЦА В НЕБЕСА».
12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ».
14.00, 22.00 Т/С «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ».
15.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
16.00, 22.50 «МИССИЯ ВЫПОЛНИМА», Х/Ф.
18.00 ӘСЕМ ӘНДЕР.
18.30 НОВОСТИ.
19.00 ИТОГИ.
19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Сәрсенбі, 9 қазан

05.00 «КІМ МЫҚТЫ?».
07.00 ОЯН.
10.00 NEOСЕТЬ.
10.20 КӨЗҚАРАС.
10.45 Т/С «ЛЕСТНИЦА В НЕБЕСА».
12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ».
14.00, 22.00 Т/С «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ».
15.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
16.00, 22.50 Х/Ф.
18.00 ӘСЕМ ӘНДЕР.
18.30 НОВОСТИ.
19.00 ТАЛҚЫ.
19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Бейсенбі, 10 қазан

05.00 «КІМ МЫҚТЫ?».
07.00 ОЯН.
10.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ.
10.30 Т/С «ЛЕСТНИЦА В НЕБЕСА».
12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ».
14.00, 22.00 Т/С «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ».
15.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
16.00, 22.50 Х/Ф.
18.00 ӘСЕМ ӘНДЕР.
18.30 НОВОСТИ.
19.00 ИТОГИ.
19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Жұма, 11 қазан

05.00 «КІМ МЫҚТЫ?».
07.00 ОЯН.
10.00 КӨЗҚАРАС.
10.25 Т/С «ЛЕСТНИЦА В НЕБЕСА».
12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ».
14.00, 22.00 Т/С «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ».
15.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
16.00, 22.50 Х/Ф.
18.00 ӘСЕМ ӘНДЕР.
18.30 НОВОСТИ.
19.00 ТАЛҚЫ.
19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Сенбі, 12 қазан

05.00 «MANDAI TER».
06.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА.
07.30 КОНЦЕРТ.
09.30 ӨЗ ЕЛІМ.
10.00 М/Ф.
11.20 М/Ф «АРТУР И МИНИПУТЫ».
12.00, 21.45 «ПРОХОДИМЦЫ», Х/Ф.
14.00 ҚЫЗЫҚ TIMES.
15.30 Т/Х «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ».
17.45 АСЫЛ ДОМБЫРА.
19.00 COVER SHOW.
21.00 7 КҮН.
23.45 АЛҒАШҚЫ.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Жексенбі, 13 қазан

05.00 MANDAI TER.
06.30 АСЫЛ ҚАЗЫНА.
08.00 КОНЦЕРТ.
10.00 «КРУТЫЕ ЯЙЦА-2», Х/Ф.
11.20 М/Ф «АРТУР И МИНИПУТЫ».
12.00, 21.45 «КАК УКРАСТЬ БРИЛЛИАНТ», Х/Ф.
14.00 COVER SHOW.
16.00, 17.15 Т/Х «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ».
19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES.
21.00 7 КҮН.
23.45 АЛҒАШҚЫ.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

## ЕВРАЗИЯ

### Дүйсенбі, 7 қазан

06.00 Т/С «МАЛЕНЬКАЯ БАРАБАНЩИЦА».
07.20, 04.25 Т/Х «РОДИТЕЛИ ГОДА».
8.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.00 Т/С «ЖРЕБИЙ СУДЬБЫ».
14.00, 01.55 НОВОСТИ.
14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00, 02.25 KÖREMIZ.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «АУТСАЙДЕР».
01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.
03.40 П@УТINA.

### Сейсенбі, 8 қазан

06.00 Т/Х «МАЛЕНЬКАЯ БАРАБАНЩИЦА».
07.20, 04.25 Т/Х «РОДИТЕЛИ ГОДА».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
11.45 Т/С «ЛЮБИТЬ И НЕНАВИДЕТЬ».
14.00, 01.55 НОВОСТИ.
14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00, 02.25 KÖREMIZ.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «АУТСАЙДЕР».
01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

### Сәрсенбі, 9 қазан

06.00, 03.30 П@УТINA.
06.50, 04.15 Т/Х «РОДИТЕЛИ ГОДА».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
11.45 Т/С «ЛЮБИТЬ И НЕНАВИДЕТЬ».
14.00, 01.55 НОВОСТИ.
14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00, 02.20 KÖREMIZ.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «АУТСАЙДЕР».
01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

### Бейсенбі, 10 қазан

06.00, 03.30 П@УТINA.
06.50, 04.15 Т/Х «РОДИТЕЛИ ГОДА».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
11.45 Т/С «ЛЮБИТЬ И НЕНАВИДЕТЬ».
14.00, 01.55 НОВОСТИ.
14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00, 02.20 KÖREMIZ.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «АУТСАЙДЕР».
01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

### Жұма, 11 қазан

06.00, 03.30 П@УТINA.
06.50, 04.15 Т/Х «РОДИТЕЛИ ГОДА».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
11.45 Т/С «ЛЮБИТЬ И НЕНАВИДЕТЬ».
14.00, 01.55 НОВОСТИ.
14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00, 02.20 KÖREMIZ.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE».
20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС.
22.10 Т/С «КАМЕЯ ИЗ ВАТИКАНА».

### Сенбі, 12 қазан

06.00 П@УТINA.
07.00, 03.40 Т/С «РОДИТЕЛИ ГОДА».
09.00, 02.10 QАЙМАҚ.
09.40 «ДОКТОР ИВАНОВ. ЧУЖАЯ ПРАВДА», Х/Ф
13.40 «БЫЛО У ОТЦА ДВА СЫНА», Х/Ф.
18.00 «ТОЧЬ -В -ТОЧЬ».
20.00 «ИЩЕЙКА-3», Х/Ф.
00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.
02.40 КЕШКІ КЕЗДЕСУ.

### Жексенбі, 13 қазан

06.00, 04.30 ҮШҚАЛАҚ.
06.15, 02.30 Т/Х «РОДИТЕЛИ ГОДА».
08.50 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ.
09.00 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ.
09.55 «ДОКТОР ИВАНОВ. МАТЬ И СЫН», Х/Ф.
13.50 «ЕЛЕНА ПРЕКРАСНАЯ», Х/Ф.
18.00 «БЕБИ-БУМ», Х/Ф.
20.00 АНАЛИТИКА.
20.45 «ИЩЕЙКА-3», Х/Ф.
01.15 «РОДНЯ», Х/Ф.

*Еңбек етпесең, жиған білімің кәдеге жарамай жатқан минерал секілді. Оның ішін аршып, асыл кенін жарқырату үшін еңбек керек, қол мен ой қимылы қажет.*
**Қаныш СӘТБАЕВ.**









АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

# ҚҰРМЕТТІ БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАР МЕН ҚОНАҚТАРЫ!



СІЗДЕРДІ 11 ҚАЗАН КҮНІ БОЛАТЫН «АҚЖАУЛЫҚ» ӘЖЕЛЕР КЛУБЫ ЖАНЫНАН ҚҰРЫЛҒАН «ЫРЫСТЫ БЕРЕКЕ» ВОКАЛДЫ-АСПАПТЫ ТОБЫНЫҢ ӘН КЕШІНЕ ШАҚЫРАМЫЗ!

БАСТАЛУ УАҚЫТЫ: 15.00-ДЕ

ӨТЕТІН ОРНЫ: БУЛАЕВ ҚАЛАСЫ, МӘДЕНИЕТ ҮЙІ.

ҚЕЛІҢІЗДЕР! ҚӨРІҢІЗДЕР! ҚЕШІМІЗДІҢ ҚҰРМЕТТІ ҚОНАҒЫ БОЛЫҢЫЗДАР!




# ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру шеңберінде Петропавл станциясындағы ЖПб қызметкерлері білім беру мекемелерінің оқушыларымен және студенттерімен, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру және құқық қорғау органдарына деген сенім деңгейін арттыру мақсатында кездесулер өткізіп тұрады.

Булаев станциясындағы ЖПб бастығының м.а., полиция аға лейтенанты Рамиль Ахмаров және Петропавл ст. ЖПб есірткі қылмысына қарсы іс қимыл бөлімшесінің жедел уәкілі, полиция аға лейтенанты Жарқын Мақажанов Булаев жалпы білім беретін №2 орта мектебінің 10-11 сынып оқушыларымен кездесу өткізді.

Кездесу барысында олар жиналғандарды отбасылық-тұрмыстық қатынастар және көліктегі қауіпсіздік саласындағы заңнамадағы өзгерістер мен толықтырулар туралы хабардар етті. Сонымен бірге олар жиналғандарға оқу орындарындағы қорқыту, қоқанлоқы көрсету тақырыптарын, есірткі қылмысының алдын алу және профилактикасы жайында, лудомания мәселелерін, сондай-ақ киберқылмыспен күрес мәселелерін қозғады.

Ішкі істер министрлігі қоғаммен серіктестікте әзірлеген 2024-2028 жылдарға арналған қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұжырымдамасының негізгі бағыттарымен таныстырды.

Ішкі істер органдарындағы қызметтің артықшылықтары туралы айтып, болашақта полиция саласында қызмет қылам деушілерге, оқуға түсу бойынша кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізді.

Кездесу соңында оқушылар өздерін қызықтыратын сұрақтарға тиянақты, толық қанды жауаптарын алды.

**Булаев ст. ЖПБ.**

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

# СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫНЫҢ 2024 ЖЫЛДЫҢ ТӨРТІНШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Т.А.Ә. | Қабылдау күні, уақыты | Қабылдау орны |
|---|---|---|
| Кляйн Николай Юрьевич | Әр айдың екінші сейсенбісі, сағ. 11.00 бастап 13.00 дейін | Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56 үй, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті, алдын ала жазылу 8 (715-31)2-19-96 телефоны арқылы |

# МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ 2024 ЖЫЛДЫҢ ТӨРТІНШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| р/с № | Т.А.Ә. | Қабылдау күні, уақыты | Қабылдау орны |
|---|---|---|---|
| 1 | Рахметова Айзада Нұрланқызы | Әр айдың екінші жұмасы, сағ. 15.00 бастап 18.00 дейін | Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті |
| 2 | Баранов Юрий Олегович | Әр айдың үшінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 12.00 дейін | Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті |
| 3 | Бәкіров Ермек Жәңгірұлы | Әр айдың бірінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 12.00 дейін | Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті |
| 4 | Шәрімов Нұржанат Сабырұлы | Әр айдың екінші бейсенбісі, сағ. 10.00 бастап 12.00 дейін | Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті |
| 5 | Крот Олег Степанович | Әр айдың бірінші дүйсенбісі, сағ. 10.00 бастап 15.00 дейін | Бастомар а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті сағ. 10.00-11.00 дейің Александровка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00 дейің Возвышенка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00 дейін |
| 6 | Хайдарова Жәния Абайқызы | Әр айдың бірінші дүйсенбісі, сағ. 10.00 бастап 13.00 дейін | Қарақоға а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті |
| 7 | Елубаев Сатыбек Фазылұлы | Әр айдың екінші сейсенбісі, сағ. 10.00 бастап 13.00 дейін | Надежка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 10.00-11.00 дейің Чистов а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00 дейін |
| 8 | Сағындықова Гүлбану Төлегенқызы | Әр айдың соңғы сәрсенбісі, сағ. 12.00 бастап 17.00 дейін | Конюхов а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00 дейің Октябрь а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00 дейің Лебяжье а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 16.00-17.00 дейін |
| 9 | Сералинов Алмас Уәлиұлы | Әр айдың екінші сейсенбісі, сағ. 10.00 бастап 15.00 дейін | Таман а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 10.00-11.00 дейің Молодогвардейское а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00 дейің Ұзынкөл а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00 дейін |
| 10 | Әбілмәжінов Төлеген Әлжанұлы | Әр айдың екінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 15.00 дейін | Полтавка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 10.00-11.00 дейің Жастар а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00 дейің Совет а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00 дейін |
| 11 | Бос орын | | |

# 2024 ЖЫЛДЫҢ 4-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы Бәйтерек ауылдық округінің әкімі - Исмағамбетова Гүлмира Бейсембайқызы апта сайын сәрсенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Бәйтерек ауылы. тел. 2-75-33.

Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округінің әкімі - Мұқашев Жанболат Хазезұлы апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 09.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Қарақоға ауылы, тел. 2-44-49.

Мағжан Жұмабаев ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы - Ысқақова Бақытжан Нұрмұқанқызы апта сайын дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері қабылдайды.

Бөлім басшысының орынбасары Умовист Елена Анатольевна апта сайын дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері қабылдайды. Азаматтарды қабылдау сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін (үзіліс уақыты сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін) мына мекен жайда жүргізіледі: Булаев қаласы, Мир көшесі, 8А үй, 1 және 16 кабинет (1 қабат), тел. 2-81-46.

# СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

**Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефондары бойынша ақпараттандыру қажет:**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Бәйтерек ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 2-75-33.**
«Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 2-44-49.**
«Мағжан Жұмабаев ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ - **8(71531) 2-81-49.**

Директор - бас редактор Неля ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі: «Газета «Вести» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2- 17- 49. Басылым индексі 65360 e- mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады

«Magjan juldyzy» газеті редакцияда теріліп беттелді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петропавл қ., Кошуков к-сі, 5 үй). Таралымы - 555

Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395- Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2- 17- 80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады